

Кедендік бақылаудың кейбір мәселелері туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2003 жылғы 13 мамырдағы N 201 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2003 жылғы 16 мамырда тіркелді. Тіркеу N 2276. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 16 шілдедегі № 356 Бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010.07.16 N 356 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) Бұйрығымен.

Ескерту: Барлық мәтін бойынша:

"агенттігінің" деген сөз "комитетінің" деген сөзбен ауыстырылды;
"Кедендік бақылау" деген сөздердің алдынан "Қаржы министрлігі" деген сөздермен толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитеті төрағасының 2006 жылғы 10 сәуірдегі N 140 бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Кеден кодексінің 407, 408 және 412-баптарына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:** Қараңыз.К100296

1. Қоса беріліп отырған:

1) Санаткерлік меншік объектілері бар тауарлардың тізілімін жүргізудің және оны кеден органдарына және мәлімдеушіге жеткізудің ережесі;

2) күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитеті төрағасының 2007.11.14 N 344 Бұйрығымен.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитетінің Құқықтық қамтамасыз ету басқармасы (И.Ы.Аңсарова) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитетінің баспасөз қызметі (А.А.Қоңлыбаева) осы бұйрықтың бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитеті төрағасының орынбасары
Б. Т. Ә б д і ш е в к е жү к т е л с і н .

Ескерту: 4-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитеті төрағасының 2006 жылғы 10 сәуірдегі N 140 бұйрығымен.

5. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

Төраға
" К е д е н д і к б а қ ы л а у д ы ң
к е й б і р м ә с е л е л е р і т у р а л ы "
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Қ а р ж ы м и н и с т р л і г і
К е д е н д і к б а қ ы л а у к о м и т е т і
т ө р а ғ а с ы н ы ң
2 0 0 3 ж ы л ғ ы 1 3 м а м ы р д а ғ ы
N 2 0 1 б ұ й р ы ғ ы м е н
б е к і т і л г е н

Санаткерлік меншік объектілері бар тауарлардың тізілімін жүргізудің және оны кеден органдарына және мәлімдеушіге жеткізудің ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы Санаткерлік меншік объектілері бар тауарлардың тізілімін жүргізудің және оны кеден органдарына және мәлімдеушіге жеткізудің ережесі (бұдан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасы Кеден кодексінің (бұдан әрі - Кеден кодексі) 412-бабына сәйкес әзірленді және санаткерлік меншік объектілері бар тауарлардың Тізілімін (бұдан әрі - Тізілім) жүргізудің тәртібін және Тізілімге енгізілген мәліметтерді өтініш берушілерге және кеден органдарына ұсынуды анықтайды. Қараңыз.К100296

2. Санаткерлік меншік объектілері (бұдан әрі - СМО) бар тауарлар Кеден кодексінің 413-бабында көрсетілген талаптарды сақтаған жағдайда кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті орган шешім шығарғаннан кейін Тізілімге енгізуге жатады. Қараңыз.К100296

3. Осы Ережеде мынадай түсінік пайдаланылады:
тауар белгісі - бір жеке және заңды тұлғалардың тауарларын басқа заңды және жеке тұлғалардың біртекті тауарларынан ажырату үшін арналған белгі.

2. Тізілім жүргізу

4. Осы Ереженің қосымшасына сәйкес Тізілім белгіленген нысан бойынша электронды түрде жүргізіледі.

5. Тізілімге мынадай мәліметтер енгізіледі:

- 1) құқық иеленуші: орналасқан орны, заңды және почталық мекен-жайы: телефон/факс, электрондық құжаттың адресі;
- 2) тиісті санаткерлік меншік объектісін қорғау туралы ақпарат: түрі, атауы

және тауар белгісі (болған жағдайда);

3) өтініш берушінің құқығын қорғаудағы кеден органдарының әрекеттестігі
қ а ж е т м е р з і м ;

4) кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті орган берген санаткерлік меншік
объектілерінің тіркеу нөмірі;

5) құқық иесінің мүдделерін білдіретін адамдар туралы мәліметтер;

6) санаткерлік меншік құқығының бар екендігін растайтын құжаттар туралы
ақпарат (тауар белгісіне арналған куәлік);

7) санаткерлік меншік объектілері бар тауар өндірушінің атауы.

6. Санаткерлік меншік объектілері бар тауарлар Кеден кодексінің 413-
бабының 7-тармағымен көзделген жағдайларда Тізілімнен шығарылуы мүмкін.
Қараңыз.K100296

3. Тізілімдегі ақпараттарды ұсыну

7. Санаткерлік меншік объектілері бар тауарды Тізілімге енгізгеннен кейін
кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті орган үш жұмыс күнінің ішінде
Қазақстан Республикасының кеден органдары қорғауға жататын объектінің
Тізілімге енгізілгендігі туралы өтініш берушіге хабарлайды.

8. Тізілім жалпыға қолжеткізімді болып табылады.

кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті орган тоқсанына бір реттен кем емес
Тізілімді өздері белгілеген мерзімді баспа өнімдерінде жариялайды, аталған
ақпараттың электронды бұқаралық ақпарат құралдарында таралуын қамтамасыз
е т е д і .

Көрсетілген ақпаратты жариялау және ұсыну кезінде құпия сипаттағы
мәліметтерді таратудың шектеуі мен авторлық құқықтарды қорғау туралы
талаптар сақталады.

9. Кедендік бақылау және есебін жүргізу мақсаты үшін, құқық иесінің немесе
мәлімдеушінің қалауы бойынша, олар Тізілімге кіретін тауарлар туралы
қосымша мәліметтерді кеден органына ұсынады:

1) заңды импорттаушылар мен экспорттаушылар туралы ақпарат;

2) контрафактілі тауарлардың негізгі үлесі шығарылатын және әкелінетін
елдер туралы мәліметтер, сондай-ақ оларға қатысты әкелетін (әкететін)
тауарларда контрафактілік белгілері анықталған жағдайларда кеден ережелерін
сақтауын бақылауды күшейту қажет болатын импорттаушылар мен
экспорттаушылар туралы мәліметтер.

Көрсетілген ақпарат және ондағы құпия сипаттағы мәліметтерді тарату және
авторлық құқықтарды қорғау туралы шектеу талаптары құпия сипатта болады.

"Санаткерлік меншік объектілері
бар тауарлардың тізілімін
жүргізудің және оны кеден
органдарына және мәлімдеушіге
жеткізудің ережесі"

ҚОСЫМША

Ескерту: Қосымшаның оң жақ жоғары бұрышындағы "Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2003 жылғы 13 мамырдағы N 201 бұйрығымен бекітілген" деген сөздер алып тасталды - ҚР Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитеті төрағасының 2006 жылғы 10 сәуірдегі N 140 бұйрығымен .

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі
Кедендік бақылау комитетінің
санаткерлік меншік объектілері бар
тауарлардың тізілімі

р/б N	СМО бар тауарлар	СМО құқық иесі/ байланыс жасайтын адам (элек. тронды құжат адресі)	Санат. керлік меншік объекті. лерінің түрі, атауы	Тіркеу нөмері	СМО бар тауар өндіру. шінің атауы	Тауар белгі. сіне арнал. ған қуәлік. тің	Қорғау мерзімі	Тізілім нен алу туралы мәлімет. тер
1	2	3	4	5	6	7	8	9

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрлігі
Кедендік бақылау комитетінің
төрағасының
2003 жылғы 13 мамырдағы
N 201 бұйрығымен бекітілген

Кедендік ресімдеу жөніндегі мамандарды аттестациялаудың ережесі

Ескерту: Бұйрықтың күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитеті төрағасының 2007 жылғы 14 қарашадағы

№ 344

бұйрығымен.

Үзінді:

"Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27 және 40-баптарына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. "Кедендік бақылаудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау комитеті төрағасының 2003 жылғы 13 мамырдағы № 201 бұйрығының 1-тармағы 2-тармақшасының күші жойылды (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2003 жылғы 16 мамырда № 2276 болып тіркелген, "Ресми газетте" 2003 жылғы 26 шілдеде № 30(135) жарияланған) деп танылсын;

2. Осы бұйрықтың тізбесіне сәйкес кеден ісі саласындағы бұйрықтардың күші жойылды деп танылсын.

3
4
5

6. Осы бұйрық қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Т ө р а ғ а